

ТАҚЫРЫБЫ: *Жер құрғату*
Мелиорациясы

ОРЫНДАҒАН: БИҚЛАСОВ.Н

ТЕКСЕРГЕН: ТАШЕНОВА.Н

Жер құрғату

Жер құрғату— топырақ қабатындағы артық суды және жер бетінің сіңген суын, жер асты суының деңгейін төмендету үшін артық суды жер құрғату жүйесі арқылы басқа жаққа бұрып әкету. Осы арқылы құрғатылған жерде су мен ауа алмасуы реттеледі, гидротехникалық және агротехникалық шаралар арқылы жерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

Мазмұны

- 1 Жер құрғату қарқындылығы
- 2 Жер құрғату режимі
- 3 Жер құрғату сорғы станциясы

Жер құрғату режімі

- **Жер құрғату қарқындылығы**— жер асты суларының деңгейін төмендету жылдамдығы немесе жер бетінің артық суын басқа жаққа бұрып әкету немесе құрғатылған жерді ауыл шаруашылығында тиімді пайдалану, ондағы құрылыс желілерін дұрыс орналастыру шаралары. Кәріз жүйесінің құрылымдары мен көрсеткіштері ауыл шаруашылығы дақылдарының талабына сай болуы керек.

Жер құрғату режімі

- **Жер құрғату режімі** — ауыл шаруашылығы дақылдарын жинап алғанға дейінгі әр түрлі кезеңде топырақтың су және ауа режімдерін жақсарту шараларын жүргізе отырып, құрғатылатын жерге мелиорациялық желілер жүргізу. Бұл үшін жер асты және жер беті суларының, сонымен бірге топырақ ылғалдылығы мен ауа режімдерінің көмегімен құрғату режімін анықтайды.

Жер құрғату сорғы станциясы

- Жер құрғату сорғы станциясы— ауыл шаруашылық, санитариялық немесе құрылыс мақсатында топырақтағы және грунттағы су деңгейін төмендету, топырақтағы артық ылғалды жою үшін құрғату алқабындағы суды сорып төгуге немесе тасымалдауға арналған сорғы станциясы. Жер құрғату сорғы станциясы ашық кәріз-каналдардан, вертикаль және горизонталь кәріздеу жүйесінен, құрылыстық қазаншұңқырдан немесе ұңғымалардан суды тасымалдауға, тасқын немесе нөсер жаңбыр суларын уақтылы, ал грунт суын жыл бойы сорып төгу үшін құрылады. Климатқа, құрғату каналдарының биіктігіне және басқа да гидротехникалық құрылыстардың орналасуына қарай мелиорациялық жер құрғату сорғы станциясы үш түрге бөлінеді.

Жер құрғату сорғы станциясы:

- Құрғату-сорғы станциясы — табиғи ылғалдылығы дақылдардың өсіп-өнуіне зиян келтіретін егіс алқабындағы артық суды азайтып және есепті деңгейден асырмай реттеп отыратын құрылғы;
- Құрғату-суармалау сорғы станциясы — табиғи ылғалдылығы дақылдардың өніп-өсуіне кейде жетіспей, кейде артылып жататын аймақтағы қосарланған станция;
- Құрғату-ылғалдандыру сорғы станциясы — табиғи ылғалдылығы дақылдардың өніп-өсуіне зиян келтіретін егіс аймағының су деңгейін төмендетіп, ал ылғалдылығы азайып кеткенде, осы құрғату каналдарына қайта су жіберудің арқасында су деңгейін көтеріп, егіс алқабын ылғалдандыру процесін атқаратын станция.